

Азаматтық және эксперименттік авиация әуесайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 19 қарашадағы № 529 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 желтоқсанда № 6672 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 29 қыркүйектегі № 653 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.09.29 № 653 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 67-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық және эксперименттік авиация әуесайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндетін атқарушы *Д. Көтербеков*
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
міндетін атқарушысының
2010 жылғы 19 қарашадағы № 529
бұйрығымен бекітілген

Азаматтық және эксперименттік авиация әуесайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 67-бабына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Осы Қағида азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) (меншік нысанына қарамастан) мемлекеттік тіркеуді жүргізудің, Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі - Куәлік) берудің тәртібін белгілейді.

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеуді және куәлік беруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Сыныпталмаған және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) қоспағанда, азаматтық авиация мақсатында пайдаланылатын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) мемлекеттік тіркеуге жатады.

3. Әуе кемелерінің ұшуын, қонуын, рульдеуін, тұрағын және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін арнайы дайындалған және жабдықталған құрылыстар кешені ретіндегі азаматтық және эксперименттік авиацияның әуеайлақтары (тікұшақ айлақтары) мемлекеттік тіркеудің объектілері болып т а б ы л а д ы .

4. Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі осы Қағиданың 5-тармағында белгіленеді.

2. Өтініштер беру және әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу тәртібі

5. Әуеайлақты (тікұшақ айлақты) мемлекеттік тіркеу үшін оның иесі (пайдаланушы) уәкілетті органға (ілеспе хатпен бірге) мынадай құжаттарды:

- 1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы Қағидаға 1-қосымша);
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін, жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құ ж а т т ы ң к ө ш і р м е с і н ;
- 3) заңды тұлғаның статистикалық карточкасының көшірмесін, жеке тұлға үшін - салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру туралы куәліктің көшірмесін;
- 4) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) орналасқан жер учаскесіне немесе басқа

объектіге берілген құқық туралы (жерді тұрақты немесе уақытша пайдалану) құқық белгілейтін құжаттың көшірмесін;

5) әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) меншік құқығын немесе иелену құқығын растайтын құжаттардың (сатып алу-сату шарты, қабылдау-тапсыру актісі, теңгерімге беру туралы бұйрық, меншік, мүліктік жалдау, сенімгерлікпен басқару құқықтары және басқа) көшірмелерін;

6) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) техникалық сипаттамалары, географиялық координаттары мен орналасқан орны туралы (елді мекен) а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы .

6. Уәкілетті орган өтініш түскен сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде осы Қағиданың 5-тармағында көзделген құжаттардың толықтығын, сәйкестігін (бар болуын) тексереді.

7. Егер өтініш және/немесе оған қоса берілген құжаттар осы Қағиданың 5-тармағының талаптарына сәйкес келмесе немесе толық көлемде ұсынылмаса, уәкілетті орган қайтарудың себебін көрсетіп, оларды өтініш түскен сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде өтініш берушіге қайтарады.

8. Осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген уәкілетті органның өтінішті және барлық қажетті құжаттарды тіркеген күні өтініштің түскен күні деп е с е п т е л е д і .

9. Ұсынылған өтініштердегі және/немесе осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген құжаттардағы мәліметтер өзгерген жағдайда өтініш беруші уәкілетті органның өтінішті және барлық қажетті құжаттарды тіркеу сәтінен бастап 5 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органға жазбаша түрде х а б а р л а й д ы .

10. Қоса берілген құжаттар түпнұсқалардың көшірмелері болып табылады, бұл жағдайда өтінішке қол қоятын тұлға олардың растығы мен толықтығын жазбаша (ілеспе хатта) растайды.

11. Уәкілетті органға болған өзгерістер туралы уақтылы хабарламау және жалған мәліметтер ұсыну әуеайлақты (тікұшақ айлағын) мемлекеттік тіркеуден б а с т а р т у ғ а ә к е п с о қ т ы р а д ы .

12. Әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) құқықтар өзгерген жағдайда (меншік, мүліктік жалдау, сенімгерлік басқару құқықтары) өтініш беруші әуеайлақ (тікұшақ айлағы) құқығы өзгерген сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органды хабардар етеді.

13. Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) тіркеу белгіленген нысандағы (осы Қағидаға 2-қосымша) Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) мемлекеттік тізілімінде (бұдан әрі - Тізілім) ресімделеді.

Тізілімді жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

14. Тізілімге мынадай ақпараттар енгізіледі:

1) заңды тұлғаның атауы, мекенжайы, байланыс телефоны (факсы) немесе жеке тұлғаның аты-жөні, мекенжайы мен байланыс телефоны;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні, жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні, сондай-ақ тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нөмірі мен берілген күні;

3) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) иелену құқығына арналған нұсқау (меншік, мүліктік жалдау, сенімгерлік басқару құқықтары, қабылдау-тапсыру актісі, теңгерімге беру туралы бұйрық және басқа);

4) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) класы;

5) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) техникалық сипаттамасы;

6) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) географиялық координаттары және орналасқан орны (елді мекені);

7) ескертпелер.

15. Тізілім тігіледі және нөмірленеді, Тізілімнің соңына, оның сыртқы бетіне ол туралы тиісті жазба жазылады және уәкілетті органның мөрі қойылады.

3. Куәлік берудің тәртібі

16. Барлық құжаттар толық (бар) болған және осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган Тізілімге әуеайлақ (тікұшақ айлағы) туралы тиісті мәліметтерді енгізеді және өтініш берушіге Куәлік (осы Қағидаға 3-қосымша) береді.

17. Өтініш берушіге берілетін Куәліктің бланкісі қатаң есеп беру бланкісі болып табылады және оның уәкілетті орган беретін тиісті сериялық нөмірі болады.

18. Өтініш беруші Куәлікті алған кезде (өтініш берушінің өкілі - тиісті сенімхат бойынша) уәкілетті органда сақталатын куәліктің көшірмесіне (мұрағаттық нұсқада) қол қояды.

19. Куәлік жоғалған (ұрланған) немесе бүлінген жағдайда өтініш беруші (әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) иесі) уәкілетті органға куәліктің телнұсқасын беру туралы еркін түрдегі өтінішпен (куәліктің жоғалу немесе ұрлану фактісін растайтын құжаттарды қоса берумен) жүгінеді.

Мұндай жағдайда, уәкілетті орган 20 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде өтініш берушіге сол нөмірімен және күнмен Куәліктің телнұсқасын береді және « ескертпе» бағанында Тізілімге тиісті жазба жасайды.

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ

айлақтарын)
қағидасына 1-қосымша
нысаны

мемлекеттік

тіркеу

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеуге арналған өтініш

1. _____
(өтініш беруші - заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні) _____

Мекенжай (заңды мекенжай - жеке тұлға үшін) _____

Телефон _____

Факс _____

(заңды тұлға үшін - заңды тұлға басшысының аты-жөні)

(әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) атауы, орналасқан жері, елді мекені,
г е о г р а ф и я л ы қ

к о о р д и н а т т а р ы)

а т ы н а н _____ т і р к е у д і _____ с ұ р а й д ы .

2. Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) _____
(әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) берілген құқық (меншік,

жедел басқару, мүліктік жалдау, сенімгерлік басқару құқықтары,

өзге де құқықтар, осы құқықтарға ауыртпалық түсіру, сондай-ақ кепілдік туралы
а қ п а р а т)

3. Өтініш беруші әуеайлақты (тікұшақ айлағын) мемлекеттік тіркеу кезінде
әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) берген құқықтар өзгерген жағдайда уәкілетті
органды белгіленген мерзімде хабардар етуге міндетті.

4. Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) қызметінің саласын қысқаша сипаттау: _____

5. Қосымша мәліметтер: _____

М.О. _____

(қолы, аты-жөні)

Азаматтық және эксперименттік
авиация әуеайлақтарын (тікұшақ

**Азаматтық және авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының)
мемлекеттік тізілімі**

Р/ с №	Заңды тұлғаның атауы, ресми мекенжайы, байланыс телефоны (факсы) немесе жеке тұлғаның аты-жөні, тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефоны	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі және берілген күні, жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжат, тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нөмірі мен берілген күні	Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) иелену құқығына арналған нұсқау меншік, жедел басқару, мүліктік жалдау, сенімгерлік басқару құқықтары)	Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) класы	Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) техникалық сипаттамалары	Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) географиялық координаттары және әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) орналасқан орны (елді мекен)	Азаматтық және эксперименталдық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) тіркеу куәлігінің нөмірі мен берілген күні	Еск
--------------	--	--	---	---------------------------------------	--	--	---	-----

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидасына 3-қосымша нысаны

ЕЛТАҢБА

У Ә К І Л Е Т Т І О Р Г А Н

**Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛШ**

№ _____ сериясы _____

Астана қаласы

20__ жылғы «__» _____

Азаматтық авиация және эксперименттік авиация әуе айлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу туралы осы куәлік _____

_____ берілді және (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні)

(әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) атауы, орналасқан орны) әуеайлақтың (тікұшақ айлақтың) мемлекеттік тіркелуін растайды.

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу туралы осы куәлік аталған әуеайлақты (тікұшақ айлағын) жою немесе көшіруге дейін қолданылады.

М . О .

Уәкілетті
органның басшысы

(қолы, аты-жөні)